



«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК  
Шығыс Қазақстан облыстық білім басқармасы  
КГКП «Педагогический колледж имени М.О.Ауэзова»  
Управление образования Восточно-Казахстанской области

Положение  
**СМК ПП-5.3-99**  
Оқытушының Ар-намыс кодексі  
туралы Ереже/  
Положение о Кодексе и чести  
преподавателя

Издание  
1/2017  
Стр. 1 из 8

«УТВЕРЖДАЮ»  
Директор  
КГКП «Педагогический колледж  
им.М.О.Ауэзова»  
Жанасви Ш.А.



« 11 » \_\_\_\_\_ 2017г.

## САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ ОҚЫТУШЫНЫҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ


### СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА КАЧЕСТВА ПОЛОЖЕНИЕ О КОДЕКСЕ И ЧЕСТИ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ

СМК ПП-5.3-99

Не завизированные копии могут служить  
только в качестве справочника/  
Кепілсіз көшірмелер нұсқаулық ретінде ғана қызмет ете алады

**ТҮПНҮСҚА  
ОРИГИНАЛ**


	ФИО/ТАӘ	Должность/лауазымы	Дата/ күні	Подпись/ колы
Разработано/әзірленді	Мұратқызы А	Зам директора по профессиональному обучению	06.11.2017	
Согласовано/келісілді	Кабдыляшимова Г.С.	Представитель руководства по качеству	10.11.2017	

	<p>«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК Шығыс Қазақстан облыстық білім басқармасы КГКП «Педагогический колледж имени М.О.Ауэзова» Управление образования Восточно-Казахстанской области</p>	<p>Положение <b>СМК ПП-5.3-99</b> Оқытушының Ар-намыс кодексі туралы Ереже/ Положение о Кодексе и чести преподавателя</p>	<p>Издание 1/2017 Стр. 2 из 8</p>
---	--	---	---

## М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ


<i>Лауазымы</i>	<i>Қолы</i>	<i>Аты-жөні</i>
<b>Келісілді:</b>		
Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары		Тоқтарбек М.Ш.
Директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары		Туменбаева Н.С.
Кадрлар бөлімінің меңгерушісі		Акижанова Г.

<p>Құжаттың пайдалану мерзімі:</p> <p>«__» _____ 20__ ж. бастап</p> <p>«__» _____ 20__ ж. дейін</p> <p>«__» _____ 20__ ж. дейін ұзартылды</p>	<p>Мәртебе:</p> <p><b><u>Заңды күші бар</u></b></p>	<p>№ _____ редакция</p> <p>№ _____ дана</p> <p>№ _____ көшірме</p> <hr/> <p>(құжат тарату барысында құжаттаманы басқарудағы жауапты тұлғаның түп нұсқа қолы)</p>
---	---	--

	<p>«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК Шығыс Қазақстан облыстық білім басқармасы КГКП «Педагогический колледж имени М.О.Ауэзова» Управление образования Восточно-Казахстанской области</p>	<p>Положение <b>СМК ПП-5.3-99</b> Оқытушының Ар-намыс кодексі туралы Ереже/ Положение о Кодексе и чести преподавателя</p>	<p>Издание 1/2017 Стр. 3 из 8</p>
---	--	---	---

## МАЗМҰНЫ:

1.	Түсіндірме жазба.....	4 бет.
2.	Негізі.....	4 бет.
3.	Мақсаты.....	4 бет.
4.	Оқытушы ережесі.....	5 бет.
5.	Оқытушының кәсіби қызметіндегі міндеті.....	5 бет
6.	Кодекс ережелерін бұзғандығы үшін жауапкершілік.....	6 бет
7.	Құпиялылығы.....	7бет
	Тарату.....	7 бет
8.	Сақтау.....	7 бет
9.	Өзгерістер мен толықтырулар енгізу.....	7 бет

	<p>«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК Шығыс Қазақстан облыстық білім басқармасы КГКП «Педагогический колледж имени М.О.Ауэзова» Управление образования Восточно-Казахстанской области</p>	<p>Положение <b>СМК ПП-5.3-99</b> Оқытушының Ар-намыс кодексі туралы Ереже/ Положение о Кодексе и чести преподавателя</p>	<p>Издание 1/2017 Стр. 4 из 8</p>
---	--	---	---

***Ар-намыс кодексі М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің әдістемелік кеңесінде бекітілген этикалық ұстанымдар мен адамгершілік құндылықтардың іске асырылуы болып табылады.***

## **1. Түсіндірме жазба**

Елбасының жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында айтылатын аса маңызды тапсырмалардың бірі – мемлекеттік қызметшілер тарапынан мемлекеттік қызмет этикасын сақтау болып табылады. Бұл – жалпы әлемдік маңызды міндет және ол мемлекет қызметінің тиімділігімен, сонымен қатар, қоғамды сыбайлас жемқорлық әрекеттерінен, оның қауіптерінен қорғаумен тікелей байланысты.

Кез келген дамыған мемлекеттердегі сияқты, Қазақстандағы мемлекеттік қызмет те адамгершілікпен, этикамен тығыз байланысты, сондықтан, мемлекеттік қызметшілер біздің азаматтарымыздың өміріне зор ықпал етеді. Көптеген жағдайларда осындай тұлғалар адамдардың күнделікті өмірі үшін маңызы зор шешімдерді, сонымен бірге, олардың құқықтарын және бостандықтарын іске асыру барысында азаматтардың өтініштерін мақұлдауды, қабылдамауды немесе өзгертуді қабылдай алады.

Елімізде мемлекеттік қызметшілердің этикалық тәртіптерінің қалыпты және логикалық негізделген заң жүйесі бар. Соған орай, еліміздегі әрбір оқу орнының Ар-намыс кодексі әзірленген.

М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің Ар-намыс кодексі колледж оқытушылары оқу және еңбек тәртібі ережелерін сақтауы колледж Жарғысына, Ішкі тәртіп ережелеріне, Ұжымдық шартқа, Педагогикалық әдеп қағидалары және осы Кодекстің нормаларына, сонымен қатар жалпы және іскерлік этика ережелеріне сәйкестікте жүзеге асырылады.


## **2. Негізі**

Кодекс «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» оқытушылары педагогикалық этика негіздері мен қарым-қатынастарын реттеуге негізделген.

## **3. Мақсаты**

Бұл Кодекс мынадай мақсаттарға жетуді қамтамасыз етеді:

- 3.1. сапалы кәсіптік білімді ұсыну;
- 3.2. білікті көзқарасы арқылы болашақ мамандар мансабының өсуіне көмектесу;
- 3.3. өмірлік көзқарасы белсенді азаматтарды, бәсекелі ортада жұмыс істей алатын мамандарды тәрбиелеу;
- 3.4. студенттердің көпқырлы қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.

	<p>«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК Шығыс Қазақстан облыстық білім басқармасы КГКП «Педагогический колледж имени М.О.Ауэзова» Управление образования Восточно-Казахстанской области</p>	<p>Положение <b>СМК ПП-5.3-99</b> Оқытушының Ар-намыс кодексі туралы Ереже/ Положение о Кодексе и чести преподавателя</p>	<p>Издание 1/2017 Стр. 5 из 8</p>
---	--	---	---

3.5. студенттердің болашақта Қазақстанның экономикалық, саяси және басқарушылық элитасына лайық сапалы және бәсекеге қабілетті білім алуға, парасаттылықтың, мәдениет пен адамгершіліктің үлгісі болуға ұмтылдыру.

#### 4. Оқытушы ережесі

4.1. оқытушы студенттердің білімділігі мен мәдениеттілігіне қамқор болады, өз Отанының шынайы патриоты болуға тәрбиелейді;

4.2. оқытушы педагогикалық шеберлігі мен өзінің теориялық білімін үнемі жетілдіріп отыратын кәсіби маман болуы тиіс, білім жолындағы ізденісі негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын белсенді жүргізіп, нәтижелерді хабарлауда дәлелдемелермен қамтып, пікір алысу барысында шыншылдық танытады;

4.3. оқытушы – ұқыптылық пен парасаттылықтың, имандылық пен өнегеліліктің белгісі, Қазақстан мемлекеттілігінің белсенді насихаттаушысы, жемқорлықтың, жауапкершіліксіздік пен тәртіпсіздіктің ұстамды қарсыласы;

4.4. оқытушы өз іс-әрекетімен студенттерге еңбек және оқу тәртібінің ережесін сақтаудың қажеттілігін, әріптестермен сыйласымды қарым-қатынас орнатуды дәлелдейді, өзіне, өзінің сөзі мен іс-әрекетіне талап қояды, өз қателіктерін ашық мойындайды және оны түзетеді;

4.5. оқытушы білімгерлер мен өз әріптестерін кәсіби бағалауда шыншылдық танытады, ол жинақы, оның сөзі ісіне сәйкес келеді, қызмет барысында өзінің бағытын ашық көрсетеді және өз көзқарасын дәлелдей біледі.

#### 5. Оқытушының кәсіби қызметіндегі міндеті

Оқытушы міндетті:

5.1. адам мен азаматтың абыройы мен намысын оның шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дін қатынасына, сеніміне, тұратын жеріне не басқа да жағдайларға тәуелсіз құрметтеуге;

5.2. жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттік және басқа тілдерді, Қазақстан ұлттарының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге;

5.3. М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі мен өз мамандығының беделін, дәстүрлерін қадірлеуге, сақтауға және арттыруға;

5.4. сыпайы және әдепті болуға;

5.5. оқу орнының мүлкіне ұқыпты қарауға;


5.6. оқу орнының аймағын көгалдандыруға көмектесуге;

5.7. қызметтік немесе оқу міндеттерін орындау кезінде киім киюде іскерлік стильді ұстануға, сыртқы келбеті көрнекі болуына;


5.8. кемшіліктерді жою және өз кәсіби қызметін жақсарту үшін конструктивтік сынды қолдануға;

5.9. оқу орнының миссиясын және білім беру саясатын ұстануға;

5.10. колледж Жарғысы мен Ішкі тәртіп, еңбек ережелерін сақтауға;

	<p>«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК Шығыс Қазақстан облыстық білім басқармасы КГКП «Педагогический колледж имени М.О.Ауэзова» Управление образования Восточно-Казахстанской области</p>	<p>Положение <b>СМК ПП-5.3-99</b> Оқытушының Ар-намыс кодексі туралы Ереже/ Положение о Кодексе и чести преподавателя</p>	<p>Издание 1/2017 Стр. 6 из 8</p>
---	--	---	---

- 5.11. қызметтік міндеттеріне жауапкершілікпен және шығармашылықпен қарауға, жұмыста оң нәтижелерге жетуге;
- 5.12. кәсіби шеберлік, ғылыми және кәсіби білімдарлық, сендіру қабілеттерінің болуына және үлгі-өнеге көрсетуге;
- 5.13. оқытушы кәсіпқойлығын және оқу орнының беделін арттыратын білім беру, мәдени және спорттық сипаттағы іс-шараларға белсенді қатысуға;
- 5.14. өздігінен білім алумен айналысу, біліктілігін арттыруға;
- 5.15. жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға;
- 5.16. қызметтік ақпаратты пайдақорлық пен басқа да жеке мақсаттарға қолдануына жол бермеуге;
- 5.17. іске деген өз қатынасымен және жеке мінез-құлқымен ұжымда тұрақты және моральдық-психологиялық жағдай жасауға әсер етуге;
- 5.18. кадрларды жерлестік және тамыр-таныстық белгілері бойынша іріктеу жағдайларына жол бермеуге;
- 5.19. әріптестер тарапынан қызметтік тәртіп қағидаларын бұзу жағдайларына жол бермеуге;
- 5.20. іскерлік және жалпы мәдениетті сақтау, адамгершілік-этикалық қасиеттердің жоғары деңгейін: сыпайылық, әдептілік, төзімділік, биязылық пен құрмет, адалдық, табандылық, әділеттілік, ибадаттылық, коммуникабельдік, сабырлық, мейірімділік, қатынасу дарындылығын көрсетуге;
- 5.21. басшылыққа оқу және қоғамдық қызмет мәселелері, сонымен қатар, егер жалпы тәртіп қағидаларына қарама-қайшы болмаса, жеке сипаттағы мәселелер жөнінде белгіленген тәртіпте жүгінуге;
- 5.22. міндеттерді және бағынушы қызметкерлер өкілеттіліктерінің көлемін олардың лауазымдарына сәйкес нақты анықтау, бағынушы қызметкерлерге орындай алмайтын бұйрық бермеу және олардың қызметтік міндеттер шеңберінен тыс тапсырмаларды атқаруларын талап етпеуге;
- 5.23. бағынушы қызметкерлерге не болмаса студенттерге қатысты негізсіз айыптарды, дөрекілікті, адами абыройын кемсітуді, жөнсіздікті болдырмауға;
- 5.24. қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес студенттердің зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыруда нәтижеге бағытталған жұмыстарды жүйелі жүргізуге;
- 5.25. Қазақстандық білім беру жүйесіне енгізілген реформалардың бірі 12 жылдық білім беру мен Жаңартылған білім беру жүйесіне негізделген жұмыстарды оқу орнының кәсіби білім беру жүйесінде жаңа жағдайларға бейімделген кәсіби мамандарды даярлауға;
- 5.26. бағынушы қызметкерлерді не болмаса студенттерді жалпы қабылданған моральдық-этикалық қағидаларға үйлеспейтін құқыққа қайшы теріс қылықтарды немесе әрекеттерді жасатуға итермелемеуге міндетті.

	<p>«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК Шығыс Қазақстан облыстық білім басқармасы КГКП «Педагогический колледж имени М.О.Ауэзова» Управление образования Восточно-Казахстанской области</p>	<p>Положение <b>СМК ПП-5.3-99</b> Оқытушының Ар-намыс кодексі туралы Ереже/ Положение о Кодексе и чести преподавателя</p>	<p>Издание 1/2017 Стр. 7 из 8</p>
---	--	---	---

## **6. Кодекс ережелерін бұзғандығы үшін жауапкершілік**

6.1. Колледж қызметкерлері Ар-намыс кодексіні білуі міндетті, қызметі мен мінез-құлқы үшін колледж ұжымының алдында жауапты.

6.2. Ар-намыс кодексі оқытушылар мен қызметкерлердің бәріне бірдей, тең дәрежеде ортақ іс.

6.3. Колледждің әрбір оқытушысы осы кодекстің орындалуы үшін моральдық жауапты.

6.4. Кодекс ережелерінің бұзылуы колледж қызметкері мәртебесіне лайықсыз әрекет ретінде қарастырылады.

6.5. Ар-намыс кодексінің орындалуын бақылау колледждің Бастауыш кәсіподақ ұйымына жүктеледі.

6.6. Ар-намыс кодексі нормаларын бұзғаны үшін оқытушыларға келесідей шаралар қолданылуы мүмкін:

- бұқара алдында кешірім сұрауға кепілдеме;
- колледждің педагогикалық кеңесі мәжілісінде талқылау;
- тәртіпті болуға ықпал ету.

## **7. Құпиялылығы**

7.1. Ар-намыс кодексі колледждің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және колледж директорының рұқсатынсыз таратуға рұқсат берілмейді.

7.2. Осы кодексті аудиторлық тексеруді жүргізетін сертификатталған орган қызметкерлеріне ғана жұмыс бабымен ұсынуға болады.

## **8. Тарату**

Таратуды СЖ (ОК) жүзеге асыратын жауапты тұлға ғана жүзеге асыра алады.

## **9. Сақтау**

Аталмыш құжат СЖ (ОК) сақталады.

## **10. Өзгерістер мен толықтыруларды енгізу**

ОК (УК) жүзеге асыратын жауапты тұлға СМК ДИ – 7.5.3 «Құжаттарды басқару» талаптарына сәйкес өзгертер мен толықтыруларды енгізе алады.



«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК  
Шығыс Қазақстан облыстық білім басқармасы  
КГКП «Педагогический колледж имени М.О.Ауэзова»  
Управление образования Восточно-Казахстанской области

Положение  
**СМК ПП-5.3.99**  
Оқытушының Ар-намыс кодексі  
туралы Ереже/  
Положение о Кодексе и чести  
преподавателя

Издание  
1/2017  
Стр. 8 из 8

<i>Лауазымы</i>	<i>Қолы</i>	<i>Аты-жөні</i>
<b>Дайындаған:</b>		
Директордың кәсіптік оқыту жөніндегі орынбасары		Мұратқызы А.